

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ - ІІМ
«ИНФОРМАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АТЫРАУ АУДАНЫ
АТЫРАУ АУДАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
ЖҮРГІЗІЛДІ
19 ж. 30 12
БСН 070240 006 117
№ 3-1915-05-НАО-П
Бастапқы тіркеу күні
20 07 ж. 06 02

Атырау облысы әкімдігінің
2019 жылғы «24» қорқысқаны
№ 201 қаулысына
2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің
2019 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысымен
бекітілген

**«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Исатай аудандық
ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) табылады.

3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.


4. Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган болып «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару органы) табылады.

5. Кәсіпорынның толық атауы: «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 060300, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Елорда көшесі, 49 ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, сондай-ақ мөрі болады.



8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты азаматтардың денсаулығын сақтау болып табылады.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) амбулаториялық-емханалық көмек;
алғашқы медициналық-санитариялық көмек;
консультациялық-диагностикалық көмек;
- 2) стационарлық көмек;
- 3) стационарды алмастыратын көмек;
- 4) жедел медициналық көмек.

14. Кәсіпорынның:

- 1) Кәсіпорын қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізуге;
- 2) қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;
- 3) азаматтардың денсаулығын қорғау ісіне және денсаулық сақтауды дамытуға ерекше үлес қосқан Кәсіпорын қызметкерлерін марапаттауға ұсыну материалдарын дайындауға;

4) медициналық ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан оның құзыретіне енетін мәселелерді шешу үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған кез-келген өзге қызметпен айналысуға құқығы бар.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі

Мемлекеттік басқару органының немесе Құрылтайшының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, Мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, соның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;

5) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

18. Кәсіпорынды Мемлекеттік басқару органы келесідей өкілеттіктерге ие:

1) қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшісінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Кәсіпорын органы болып оның басшысы, сондай-ақ байқау кеңесі табылады.

20. Мемлекеттік басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

21. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының



заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Кәсіпорын басшысы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Мемлекеттік басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауаптылықта болады.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

24. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Мемлекеттік басқару органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Мемлекеттік басқару органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Мемлекеттік басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Мемлекеттік басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Мемлекеттік басқару органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Мемлекеттік басқару органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

25. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

26. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Мемлекеттік басқару органның, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

27. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

28. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

29. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

30. Кәсіпорынның мүлкін құны Кәсіпорынның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

32. Кәсіпорынның мүлкі:

2) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

33. Кәсіпорынның қарауында оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі ғана болуы мүмкін.

34. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқық табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

35. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорын сатып алған мүлік меншік құқығына ие болу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

36. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мүлік оның теңгеріміне бекітіп берілген сәтте пайда болады.

37. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу - сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

38. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 144,154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

39. Кәсіпорын Мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша Құрылтайшының жазбаша келісімімен:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

40. Кәсіпорын негізгі құралдарға жатпайтын, оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

41. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе Құрылтайшымен өзгеше белгіленбесе, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын осы Жарғының 38 және 39-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

42. Кәсіпорынның қызметі меншікті табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

43. Кәсіпорын таза табыстың бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

44. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ, бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есепке алу қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

46. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 2 408 857 489,21 (екі миллиард төрт жүз сегіз миллион сегіз жүз елу жеті мың төрт жүз сексен тоғыз теңге жиырма бір тиын) теңгені құрайды.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

47. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне бухгалтерлік теңгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

49. Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының немесе Мемлекеттік басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

50. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

51. Мемлекет құрылтайшының, Мемлекеттік басқару органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды қоспағанда, Кәсіпорын міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

52. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

53. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды.

54. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) есепшісінің лауазымдық айлықақыларының мөлшері, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесі Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

55. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

56. Кәсіпорынның Құрылтайшымен, Мемлекеттік басқару органымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес айқындалады.

57. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

58. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшының шешімі негізінде Мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

60. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының актілерімен енгізіледі.

В.М.С.
В.М.С. *С.С.С.*